

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 12 қаңтардағы № 3 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Шетелдік инвесторлар кеңесін құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 30 маусымдағы № 3985 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., № 18, 156-құжат; 2000 ж., № 17, 168-құжат; 2003 ж., № 45, 486-құжат; 2007 ж., № 14, 160-құжат;) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі туралы ережеде:

21-тармақ «құрамы бойынша» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ Кеңестің жанындағы байқаушылардың (бұдан әрі - байқаушылар) құрамы бойынша» деген сөздер мен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 7-1-тараумен толықтырылсын:
«7-1. Кеңес жанындағы байқаушылар

22-2. Байқаушылардың құрамы Кеңестің мүшелігіне қабылдау үшін өтінім берген, деңгейі басшылардан немесе олардың орынбасарларынан төмен болмайтын үміткерлер қатарынан қалыптастырылады және Кеңестің пленарлық отырысында бекітіледі. Байқаушылар Кеңестің мүшелері болып табылмайды.

22-3. Байқаушы мәртебесі Комиссияның ұсынымдары бойынша осы Ереженің 13, 14-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда беріледі.

22-4. Байқаушылардың Кеңестің пленарлық отырысына қатысуға және Кеңес

отырысының тақырыбы бойынша ұсыныстар беру құқығы бар.

22-5. Байқаушы мәртебесі берілгеннен кейін бір жыл өткен соң, байқаушы жұмыс топтарының, Кеңестің пленарлық және аралық отырыстарының қызметі шеңберінде атқарылған жұмыс туралы есеп, сондай-ақ Кеңестің мүшелігіне қабылдау үшін жаңартылған өтінімді Комиссияның қарауына береді.»;

28-тармақтың бірінші бөлігіндегі «мерзімдерде жылына кемінде екі рет» деген сөздер «мерзімге және тақырыпқа сәйкес жылына кемінде бір рет» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

31 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Кеңестің пленарлық және аралық отырыстарының қорытындылары бойынша қабылданған шешімдер хаттамамен ресімделеді.

Кеңестің пленарлық отырысы хаттамасының жобасын екі апта мерзімде ұсыныстар енгізу үшін Кеңестің шетелдік мүшелері, сондай-ақ айқындалған тақырыпқа сәйкес Кеңестің пленарлық отырысының мазмұндық бөлігіне жауапты Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары қарайды.».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев